

# Анықтамалық

Қазақстан экономикасы  
диаграммалармен және сандармен

2024 жылғы қыркүйек

# ДИСКЛЕЙМЕР

«Қазақстан экономикасы диаграммалармен және сандармен» атты осы анықтамалық («Анықтамалық») тек ақпараттық мақсатта әзірленген және құқықтық, қаржылық немесе кәсіби кеңес емес. Осы Анықтамалықта қамтылған ақпарат оның дәлдігіне, толықтығына немесе сенімділігіне қатысты дәл немесе меңзейтіндей ешқандай кепілдіктер әрі мәлімдемелерсіз «сол қалпында» шартымен берілген.

Бұл Анықтамалық аталған ұйымдарға жарнама немесе оларды ілгерілету құралы емес.

Бұл Анықтамалықтың мазмұнында ескертусіз өзгеруі мүмкін пікірлер, болжамдар немесе болжамды мәлімдемелер болуы мүмкін. Осы Анықтамалықта қамтылған ақпаратты пайдаланудың тәуекелі толығымен Өзіңізге жүктеледі. Біз Сіздің немесе кез келген басқа тараптың ақпаратты пайдалануынан туындайтын кез келген салдар немесе жауапкершілік үшін жауапты болмаймыз.

Бұл Анықтамалық қосымша ақпарат алу немесе контекст үшін сыртқы көздерге немесе үшінші тарап веб-сайттарына сілтеме жасай алады. Дегенмен, біз үшінші тараптың қандай да бір веб-сайттарының мазмұнын мақұлдамаймыз немесе бақыламаймыз және мұндай веб-сайттардың дәлдігі, заңдылығы әрі мазмұны үшін жауап бермейміз.

Анықтамалықтағы ешнәрсе оқырман мен ұйымымыз арасында клиенттік қарым-қатынас орнату ретінде түсіндірілмеуі керек. Егер Сізге заң, қаржылық немесе кәсіби кеңес қажет болса, нақты мән-жайларға байланысты арнайы кеңес бере алатын білікті маманның кеңесіне жүгіну керексіз.

Біз осы Анықтамалықта қамтылған ақпараттың кез келген мақсат үшін жарамдылығына, сенімділігіне, қолжетімділігіне, уақтылылығына немесе дәлдігіне қатысты ешқандай мәлімдеме немесе кепілдік бермейміз. Біз осы Анықтамалықты пайдаланудан немесе пайдалану мүмкін еместігінен туындайтын тікелей, жанама, кездейсоқ, арнайы, жанама немесе өндіріп алынатын залал үшін жауапты емеспіз.

Қазақ және орыс тілдеріндегі аудармалар мен ағылшын тіліндегі мәтін арасында қайшылықтар болған жағдайда, соңғысы басымдыққа ие болады.

Біз осы Анықтамалықты кез келген уақытта, алдын ала ескертусіз өзгерту немесе жаңарту құқығын өзімізге қалдырамыз.

Осы Анықтамалықтағы барлық деректер 2024 жылдың 26 қыркүйектегі жағдай бойынша ағымдағы.

# МАЗМҰНЫ

## Кредиттік рейтинг

### Қазақстан халықаралық рейтингтерде

1

#### Жалпы ішкі өнім

- Жалпы ішкі өнім
- ЖІӨ құрылымы
- ЖІӨ өсімі
- Ауыл шаруашылығы, тау-кен өндіру секторы және өңдеу өнеркәсібі

2

#### Еңбек нарығы

- Халық саны және жас бойынша бөлініс
- Салалар бойынша еңбек нарығы
- Жұмыспен қамтылу және қосылған құн
- Жалақылар
- Еңбек өнімділігі

3

## Сыртқы сектор

- Төлем балансы
- Халықаралық сауда: экспорт
- Халықаралық сауда: импорт
- Тікелей шетелдік инвестициялар
- Салалар бойынша тікелей шетелдік инвестициялар
- Халықаралық резервтер
- Сыртқы борыш

4

## Фискалдық саясат

- Мемлекеттік бюджет және фискалдық саясат
- Ұлттық қор

5

## Монетарлық саясат

- Бағалар
- Монетарлық саясат
- Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

6

## Банк секторы














- Банк секторына шолу


7

## Зейнетақы жүйесі

- Зейнетақы жүйесінің активтер құрылымы

# КРЕДИТТІК РЕЙТИНГ

	Moody's	S&P	Fitch
Ең жоғары	Aaa		AAA
Жоғарғы инвестициялық	Aa1		AA+
	Aa2		AA
	Aa3		AA-
Орташадан жоғарғы инвестициялық	A1		A+
	A2		A
	A3		A-
Орташадан төмен инвестициялық	Baa1	 ●	BBB+
	Baa2		BBB
	Baa3		 ●  ●
Инвестициялық емес, спекулятивтік	Ba1	 ↑	BB+
	Ba2	 ●	BB
	Ba3	 ●  ●	 ●  ●
Жоғары дәрежеде спекулятивтік	B1		B+
	B2		B
	B3	 ●  ●	 ●
Жоғары тәуекел	Caa1		CCC+
	Caa2		CCC
	Caa3		CCC-
Аса спекулятивтік нем. дефолт алдында тұр	Ca	 ●	CC
			C
Дефолт	C	 ●	 ●




ЕАЭО, Кавказ және Орталық Азия елдері арасында Қазақстан ең жоғары кредиттік рейтингке ие.

**Перспективалар**  
 ↑ Оң  
 ● Тұрақты  
 ↓ Теріс

# ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГТЕРДЕ


## АДАМИ КАПИТАЛ ДАМУ ИНДЕКСІ, 2023-2024 ЖЖ. ЕСЕБІ

Дереккөз: БҰҰДБ (UNDP)




## ЭКОНОМИКАЛЫҚ КҮРДЕЛІЛІК, 2021 Ж. РЕЙТИНГІ

Дереккөз: Harvard Atlas of Economic Complexity  
Ескерту: рейтингінің 2 жылға ауысуы




## ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ ИНДЕКСІ, 2023 Ж. РЕЙТИНГІ

Дереккөз: The World Justice Project  
Ескерту: Армения мен Әзірбайжан рейтингте көрсетілмеген



## ЭЫДҰ-НЫҢ ТІКЕЛЕЙ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ШЕКТЕУ ИНДЕКСІ, 2020 Ж. РЕЙТИНГІ

Дереккөз: ЭЫДҰ  
Ескерту: 2020 ж. рейтингі – қазіргі уақытта ең соңғы қолжетімді



# 1. ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ



# ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ

## НОМИНАЛДЫ ЖІӨ (2011-2023 ЖЖ.) ЖӘНЕ ХВҚ БОЛЖАМЫ (2024-2029 ЖЖ.)



2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ЖІӨ өсімі 5,1%-ды құрады, бұл соңғы он жылдағы 3%-дық орташа деңгейден жоғары.

ХВҚ алдағы бес жылда өсудің баяулауын болжайды. Атап айтқанда, 2024 жылғы өсім 3,1 пайызды құрайды.


Қазақстан 2029 жылға қарай номиналды ЖІӨ-ні 450 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайту міндетін қойды.

## ЖІӨ ӨСІМІ (2011-2023 ЖЖ.) ЖӘНЕ ХВҚ БОЛЖАМЫ (2024-2029 ЖЖ.)




# ЖІӨ ҚҰРЫЛЫМЫ

САЛАЛАР БОЙЫНША ЖІӨ ҚҰРЫЛЫМЫ, 2011-2023 ЖЖ.



ШЫҒЫСТАР БОЙЫНША ЖІӨ ҚҰРЫЛЫМЫ, 2011-2023 ЖЖ.




2023 жылы өнеркәсіп пен қызмет көрсету секторы Қазақстанның ЖІӨ-сінің сәйкесінше 30,5% және 65,2%-ын құрады. Атап айтқанда, тау-кен өндіру өнеркәсібінің үлесі өңдеу өнеркәсібінің үлесінен бұрынғысынша жоғары – тиісінше 12,9% және 12,1%. Сауданың үлесі 18,0%-ды құрайды.

Қазақстанның ЖІӨ-нің 52,4% жеке тұтынуды, 11,0% мемлекеттік тұтынуды, 29,6% жалпы капиталды қалыптастыруға инвестицияларға бөлінді. Мемлекеттік шығыстар мен инвестицияның үлесі 2011 жылмен салыстырғанда өсті, ол кезде әрқайсысы сәйкесінше 10,5% және 23% болған еді.




# ЖІӨ ӨСІМІ

САЛАЛАР БОЙЫНША  
ЖІӨ ӨСІМІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, 2011-2023 ЖЖ.



ШЫҒЫСТАР БОЙЫНША  
ЖІӨ ӨСІМІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, 2011-2023 ЖЖ.




2023 жылы ЖІӨ өсіміне ең көп үлесті сауда секторы қосты. Құрылыс және тау-кен өндіру өнеркәсібі секторлары да экономикалық өсуге ең көп үлес қосқан салалардың қатарында.

2023 жылы жеке тұтыну және инвестициялар ЖІӨ өсуіне ең көп үлес қосты.

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ТАУ-КЕН ӨНДІРУ СЕКТОРЫ ЖӘНЕ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКА СЕКТОРЛАРЫНЫҢ ӨЛШЕМДЕРІ, 2013-2023 ЖЖ.




2023 ж. секторлардың номиналды өлшемдері:

Ауыл шаруашылығы: \$ 11,5 млрд  
 Тау-кен өндіру өнеркәсібі: \$ 34,0 млрд  
 Өңдеу өнеркәсібі: \$ 31,9 млрд

2023 жылы бастапқы және қайталама секторлардың көлемі 77,4 млрд АҚШ долларын немесе ЖІӨ-нің шамамен 29%-ын құрады. 2003 жылдан бастап өңдеу өнеркәсібі 2020 жылы ғана тау-кен өндіру секторының көлемінен асып түсті.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКА СЕКТОРЛАРЫНЫҢ ӨСІМДЕРІ, 2013-2023 ЖЖ.



Қазақстанның ауыл шаруашылығы 2022 жылы 9,1%-ға өскеннен кейін 2023 жылы 7,9%-ға төмендеді. Бұл ретте тау-кен өндіру секторы 2022 жылы 1%-ға төмендегеннен кейін 2023 жылы 4,6%-ға өсті.

Ауыл шаруашылығына тұрақсыз өсу тән және оның экономиканың жалпы өсіміне қосқан үлесі төмен. Тау-кен өңдеу секторы да әлемдік нарықтардағы шикізат бағасына жоғары тәуелділікке байланысты тұрақсыз өсімге ие.

## 2. ЕҢБЕК НАРЫҒЫ




# ХАЛЫҚ САНЫ ЖӘНЕ ЖАС БОЙЫНША БӨЛІНІС

2023 жылдың қарашасында Қазақстан халқының саны 20 миллионнан асты.

Соңғы 10 жылда халықтың орташа жылдық өсімі шамамен 1,5%-ды құрады. БҰҰ болжамы бойынша Қазақстан халқының саны 2050 жылға қарай 25 миллион адамнан, ал 2100 жылға қарай 34 миллион адамнан асады.

Қазақстан халқының 29% – 14 жаста және одан кіші. 60 жастан асқан Қазақстан халқының үлесі – 14%. Қазақстан халқының жартысынан астамы 1991 жылдан кейін туғандар.

## ХАЛЫҚ САНЫ (2004-2024 ЖЖ.) ЖӘНЕ БҰҰ БОЛЖАМЫ (2050 Ж., 2075 Ж., 2100 Ж.), МЛН



## ЖАС ТОПТАРЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖӘНЕ КЕЙБІР ЕЛДЕРДІҢ ХАЛҚЫ, 2022 Ж., %




# САЛАЛАР БОЙЫНША ЕҢБЕК НАРЫҒЫ

2024 ж. 2-тоқсанында ресми жұмыссыздық деңгейі 4,7% (алдыңғы тоқсанда – 4,7%), ал өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі – 23% (өткен тоқсанда – 22,7%) деңгейінде тұрақтады.


Ауыл шаруашылығы, сауда және көлік қызметінде жұмыс істейтіндердің жартысына жуығы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар.

2024 ж. 2-тоқсанында орташа номиналды жалақы 843 АҚШ долларын құрады. Салалар бойынша ең төменгі орташа жалақы деңгейі ауыл шаруашылығында байқалады – 525 АҚШ доллары.

2024 Ж. 2-ТОҚСАНЫНДА ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАРДЫҢ САЛАЛАР БОЙЫНША ҮЛЕСІ



2024 Ж. 2-ТОҚСАНЫНДАҒЫ САЛАЛАР БОЙЫНША ОРТАША НОМИНАЛДЫ ЖАЛАҚЫ



# ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ ЖӘНЕ ҚОСЫЛҒАН ҚҰН

2023 жылы ауыл шаруашылығы (52,5%), сауда (43,4%), көлік қызметтері (40,9%) және құрылыс (28,5%) салалары басқа салалар арасында өзін-өзі жұмыспен қамтудың ең жоғары көрсеткіштеріне ие болды.

Жұмыспен қамтылудың салыстырмалы түрде төмен үлесі бар өңдеу өнеркәсібі және тау-кен өндіру өнеркәсібі салалар қосымша құндағы ең жоғары үлестердің біріне ие, ал өзін-өзі жұмыспен қамтылу деңгейі ең жоғары салалар (сауданы қоспағанда) тренд сызығынан төмен орналасқан.

## САЛАЛАР БОЙЫНША ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ ЖӘНЕ ҚОСЫЛҒАН ҚҰН %, 2023 Ж.




# ЖАЛАҚЫЛАР


2024 ж. 2-тоқсанының қорытындысы бойынша орташа жалақы 403 251 теңгені немесе 843 долларды құрады.

2024 ж. 2-тоқсанында нақты жалақының өсімі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,7%-ды, ал 2014 ж. салыстырғанда 40%-дан құрады.

### ОРТАША НОМИНАЛДЫ ЖАЛАҚЫ, 2010-2024 ЖЖ.




### ЖАЛАҚЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ НАҚТЫ ӨСІМІ ЖӘНЕ НАҚТЫ ЖАЛАҚЫ ИНДЕКСІ, 2016-2024 ЖЖ.



# ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ

2023 жылы еңбек өнімділігінің өсімі 4,6%-ды құрады. 2018-2022 жылдар кезеңіндегі өнімділіктің орташа жылдық өсімі 1,8%-ды құрады. Соңғы 16 жылдағы өнімділіктің ең жоғары жылдық өсімі (2013 ж., 5,1%) 2002-2007 жж. кезеңіндегі өнімділіктің ең төменгі жылдық өсімінен төмен (2003 ж., 5,3%).

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІНІҢ ЖЫЛДАН ЖЫЛҒА ӨСІМІ, 2002-2023 ЖЖ.





# 3. СЫРТҚЫ СЕКТОР




# ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ


2022 жылы ағымдағы операциялардың шоты 2013 жылдан бері алғаш рет оң (\$7,1 млрд) болды. Дегенмен 2023 жылы ол қайтадан теріс (-\$9,8 млрд) болды.

Тауарлардың 2023 жылғы сауда балансы (\$20,2 млрд) 2022 жылмен салыстырғанда (\$35,0 млрд) 42%-ға төмендеді.

**ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ, \$ МЛРД, 2013-2024 ЖЖ.**




**АҒЫМДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ ШОТЫ, \$ МЛРД, 2013-2024 ЖЖ.**



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА: ЭКСПОРТ

ЭКСПОРТ, \$ МЛРД, 2004-2024 ЖЖ.




2023 жылы Қазақстанның экспорты 2022 жылмен салыстырғанда 7%-ға төмендеп, \$78,7 млрд құрады.


2023 жылы Қазақстан экспортының 60%-ға жуығы отын шикізаты болды.

2023 жылы Қазақстан экспортының ең ірі бағыттары Италия, Қытай және Ресей болды.

ЭКСПОРТ ҚҰРЫЛЫМЫ, %, 2023 Ж.




САУДА СЕРІКТЕСТЕРІ БОЙЫНША ЭКСПОРТ, %, 2023 Ж.



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА: ИМПОРТ

ИМПОРТ, \$ МЛРД, 2004-2024 ЖЖ.




2023 жылы Қазақстанның импорты 2022 жылмен салыстырғанда 20,1%-ға өсіп, \$61,2 млрд құрады.


2023 жылы Қазақстан импортының 40%-дан астамын машиналар мен жабдықтар құрады.

2023 жылы Қазақстан импортының жартысынан көбі Қытай мен Ресейдің үлесіне тиді.

ИМПОРТ ҚҰРЫЛЫМЫ, %, 2023 Ж.



САУДА СЕРІКТЕСТЕРІ БОЙЫНША ИМПОРТ, %, 2023 Ж.




# ТІКЕЛЕЙ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2023 жылдың қорытындысы бойынша ТШИ жалпы ағыны \$23,4 млрд құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 17%-ға аз.


Нидерланд 2023 жылы ең ірі инвестор болып қалды.

Мұнай-газ саласы 2023 жылғы ТШИ-дың жалпы ағынының төрттен бір бөлігін дерлік тартты.


ТШИ ЖАЛПЫ АҒЫНЫ, \$ МЛРД, 2005-2024 ЖЖ.



ТШИ-ДЫҢ ЕЛДЕР БОЙЫНША ЖАЛПЫ АҒЫНЫ %, 2023 Ж.




ТШИ-ДЫҢ САЛАЛАР БОЙЫНША ЖАЛПЫ АҒЫНЫ %, 2005-2023 ЖЖ.




# САЛАЛАР БОЙЫНША ТІКЕЛЕЙ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2023 жылы ТШИ-дың жалпы ағынының төмендеуі (-4,8 млрд доллар) мұнай мен газ саласына ТШИ-дың жалпы ағынының \$4 млрд-қа азаюына байланысты болды. 2023 жылы ауыл шаруашылығына ТШИ-дың жалпы ағыны шамамен \$50 млн құрады, тарихта бұл көрсеткіш ешқашан \$72 млн аспаған. Қызмет көрсету секторында сауда секторы ең көп инвестиция тартты (2023 жылы \$5 млрд).


### МҰНАЙ МЕН ГАЗ ӨНДІРУ




### МҰНАЙҒА ҚАТЫСТЫ ЕМЕС ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ



### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ




### ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СЕКТОРЫ



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР

2024 жылдың тамыз айының соңында Қазақстанның халықаралық резервтері \$42,7 млрд құрады, 2024 жылдың басымен (\$36,0 млрд) және өткен жылдың сәйкес кезеңімен (\$33,6 млрд) салыстырғанда ұлғайды.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР, КЕЗЕҢНІҢ СОҢЫ, \$ МЛРД, 2001-2024 ЖЖ.**




# СЫРТҚЫ БОРЫШ

2023 жылдың соңында жалпы сыртқы борыш ЖІӨ-нің 61,6%-ына немесе \$162,7 млрд жетті, ал оның 56%-ы (\$91,6 млрд) фирмааралық берешекті құрады.

ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша Қазақстанның сыртқы мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы борышы \$16,8 млрд немесе ЖІӨ-нің 6,4%-ын құрады.

**СЫРТҚЫ БОРЫШ, КЕЗЕҢІНІҢ СОҢЫНА, \$ МЛРД, 2013-2024 ЖЖ.**





# 4. ФИСКАЛДЫҚ САЯСАТ




# МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ ЖӘНЕ ФИСКАЛДЫҚ САЯСАТ

Мемлекеттік бюджет балансы соңғы 10 жылда тапшылық көруде, ал 2023 жылы тапшылық ЖІӨ-нің 2,4%-ын құрады.

Дегенмен де 2023 жылы Ұлттық қордың мұнайға қатысты емес кірістерін қамтитын жиынтық фискалдық баланс ЖІӨ-нің 1,5% деңгейінде оң болды.

Мемлекеттік шығындар құрылымындағы мемлекеттік борышқа қызмет көрсету үлесі 2010 жылғы 2,1%-дан 2023 жылы 7,0%-ға дейін үш еседен астам өсті.




ЖІӨ %	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Мемлекеттік бюджет кірістері	18.5%	18.7%	19.8%	21.3%	17.5%	18.3%	20.6%	18.9%	19.7%	20.9%
Мемлекеттік бюджет шығындары	19.6%	20.1%	20.1%	23.0%	18.4%	19.5%	23.7%	21.4%	20.9%	22.4%
Таза бюджеттік кредиттеу	0.1%	0.2%	0.5%	0.4%	0.3%	0.4%	0.4%	0.3%	0.6%	0.4%
Қаржы активтерімен операциялар балансы	1.4%	0.6%	0.8%	0.6%	0.2%	0.4%	0.5%	0.2%	0.3%	0.4%
<b>Мемлекеттік бюджет балансы</b>	<b>(2.7%)</b>	<b>(2.2%)</b>	<b>(1.6%)</b>	<b>(2.7%)</b>	<b>(1.3%)</b>	<b>(1.8%)</b>	<b>(4.0%)</b>	<b>(3.0%)</b>	<b>(2.1%)</b>	<b>(2.4%)</b>
Ұлттық қордың кірістері	8.8%	4.0%	2.4%	3.7%	5.2%	4.1%	2.0%	3.1%	6.2%	3.8%
<b>Жиынтық фискалдық баланс</b>	<b>6.1%</b>	<b>1.7%</b>	<b>0.9%</b>	<b>1.1%</b>	<b>3.8%</b>	<b>2.3%</b>	<b>(2.0%)</b>	<b>0.1%</b>	<b>4.1%</b>	<b>1.5%</b>



# ҰЛТТЫҚ ҚОР

2024 жылғы тамыздың соңында Ұлттық қордың активтері \$62,6 млрд құрады, жыл басынан бері (\$60,0 млрд) және өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда (\$59,9 млрд) ұлғайды.

ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ АКТИВТЕРІ, КЕЗЕҢНІҢ СОҢЫНА, \$ МЛРД (2001-2024 ЖЖ.)



# 5. МОНЕТАРЛЫҚ САЯСАТ




# БАҒАЛАР

2023 жылдың соңында тұтыну бағасының индексі (ТБИ) жылдық өсімі 1997 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш болған 2022 жылғы 20,3%-дан төмендеп, 9,8%-ды құрады. Соңғы 20 жылда ең төменгі ТБИ 4,8% деңгейінде 2013 жылы тіркелді.

ХВҚ Қазақстандағы ТБИ-дың жылдық өсімі 2024 жылдың қорытындысы бойынша 7,8%-ды құрайды және 2025 жылы 6,4%-ға, ал 2026 жылы 5,7%-ға дейін төмендейді деп болжайды.

2024 жылғы тамызда ТБИ жылдық өсімі 8,4%-ды құрады, бұл 2023 жылғы тамыздағы (13,1%) және 2023 жылғы желтоқсандағы (9,8%) көрсеткіштерден төмен.


**ТБИ ЖЫЛДЫҚ ӨСІМІ НАҚТЫ (2002-2023 ЖЖ.) ЖӘНЕ ХВҚ БОЛЖАМЫ (2024-2029 ЖЖ.)**




# МОНЕТАРЛЫҚ САЯСАТ

2024 жылғы 15 шілдеде Қазақстанның Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені 14,25% деңгейінде белгіледі. 2023 жылы орташа айырбастау бағамы 1 АҚШ долларына 456,31 теңге болды (2022 жылы 460,48 теңге/АҚШ доллары). 2024 жылғы тамызда орташа айырбастау бағамы 478,28 теңге/АҚШ доллары болды.

**БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ ЖӘНЕ КРЕДИТТЕР МЕН ДЕПОЗИТТЕР БОЙЫНША МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР, ТБИ, 2018-2024 ЖЖ. (%)**




**ТИІМДІ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМДАРЫНЫҢ ИНДЕКСІ ЖӘНЕ НОМИНАЛДЫ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫ, 2017-2024 ЖЖ.**



# МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Ұлттық Банктің теңгемен номинацияланған қысқа мерзімді ноталарының және айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздардың жиынтық көлемі 2024 жылғы тамызда 21,6 трлн теңгені құрады, бұл ретте Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарының көлемі 2023 жылғы шілдедегі 3 трлн теңгеден 2024 жылғы тамыздағы 0,5 трлн теңгеге дейін біртіндеп төмендеді. 2024 жылғы тамызда Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарының орташа тиімді кірістілігі 13,95%-ға дейін төмендеді (2023 ж. желтоқсанда 14,93%).

**АЙНАЛЫСТАҒЫ МБҚ ЖӘНЕ ҚРҰБ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ НОТАЛАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ, ТРЛН ТЕҢГЕ (2018-2024 ЖЖ.)**



# 6. БАНК СЕКТОРЫ






# БАНК СЕКТОРЫНА ШОЛУ


2023 жылдың соңына кредит портфелінің мөлшері 27,9 триллион теңгені немесе ЖІӨ-нің 23,2%-ын құрады, ал банк секторындағы депозиттер мен кредиттердің жиынтық мөлшері арасындағы айырмашылық 6,8 триллион теңгеге жетті.

2023 ж. төлем мерзімі өткен берешектің (NPL) деңгейі 4,4%-ды құрады. 2024 ж. 2-тоқсаны соңына осы көрсеткіш 5,3%-ға дейін өсті.


## КРЕДИТ ПОРТФЕЛІНІҢ МӨЛШЕРІ, ТРЛН ТЕҢГЕ ЖӘНЕ ЖІӨ-НІҢ %



## ДЕПОЗИТТЕР МЕН КРЕДИТТЕРДІҢ ЖИЫНТЫҚ МӨЛШЕРІ, ТРЛН ТЕҢГЕ



## ТӨЛЕМ МЕРЗІМІ ӨТКЕН КРЕДИТТЕР ДЕҢГЕЙІ, % (2013-2024 ЖЖ.)



Актив мөлшері бойынша ең ірі 10 банк (2024 ж. 2 тоқсаны соңына)	жиынтық активтердегі %	жиынтық несие портфеліндегі %	төлем мерзімі өткен кредиттер (NPL) деңгейі (%)	90 күннен асатын төлем мерзімі өткен кредиттер (NPL) деңгейі (%)
Халық Банкі	29.4	31.8	3.8	2.2
Kaspi Bank	12.7	16.0	7.7	5.0
Банк ЦентрКредит	10.5	11.0	2.8	1.5
Отбасы банк	7.2	10.0	1.4	0.1
ForteBank	6.8	5.3	5.1	3.4
Jusan Bank	5.6	4.3	10.5	7.8
Еуразиялық банк	5.5	4.6	11.7	5.9
Фридом Финанс Қазақстан	4.1	2.1	3.8	1.9
Bereke Bank	4.1	4.5	9.7	6.1
РВК Банкі	3.7	4.1	4.3	2.0

# 7. ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ




# ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

2024 жылғы тамызда зейнетақы жүйесінің активтері 20,7 трлн теңгеге жетті, жыл басымен (17,9 трлн теңге) және өткен жылдың тамызымен (16,8 трлн теңге) салыстырғанда ұлғайды.

2024 жылғы тамызда зейнетақы жүйесінің активтерінің 77,8% мемлекеттік және корпоративтік облигацияларға орналастырылды.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ, % (2017-2024 ЖЖ.)



## ШОЛУДЫҢ АВТОРЛАРЫ

### АХҚО әкімшілігі

- Данияр Келбетов  
Өнімдерді дамыту жөніндегі басқарушы директор –  
Басқарма мүшесі
- Әсет Оңласов  
Салалық талдау департаментінің директоры
- Нұрлан Тайғанов  
Салалық талдау департаментінің бас менеджері

## БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

- Сайт: [www.aifc.kz](http://www.aifc.kz)
- Сұраулар үшін: [Industry\\_Analysis@aifc.kz](mailto:Industry_Analysis@aifc.kz)

